Сейдалиева Сәбина Қаржаубайқызының «Медициналық-фармацевтикалық кластерлерді дамыту шеңберінде форсайт-менеджментті жетілдіру» тақырыбындағы, 8D10140 — «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі уақытта Қазақстанның фармацевтика саласында болып жатқан және болашақта жүзеге асырылуға тиіс үдерістер аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстанның фармацевтика саласы белсенді дамуда. Нарық қатысушыларының көпшілігінің (51%) болжамы бойынша, алдағы 1–2 жылда саланың 5–10% өсуі күтіледі, оның негізгі драйвері бөлшек сауда сегменті болады. Өсудің себептерінің бірі — мемлекеттің әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу үшін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді кеңейтуге және отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталуы. Инвестициялар дистрибуция нарығынан зерттеулер мен әзірлемелерге ауысуда, бұл елдің фармацевтика саласына жаңа міндеттер жүктеді; солардың бірі — медициналық-фармацевтикалық кластерлер құру. Фармацевтика нарығының қаржылық өсуіне қарамастан, тұтынудың нақты көлемі 12,5%-ға төмендеді. Бұл өсімнің инфляциялық сипатта болғанын және кластерлердің нақты дамуы үшін форсайттың өмірлік маңызы бар екенін көрсетеді.

Алыс және жақын шетел елдерінің тәжірибесі медициналық-фармацевтикалық кластерлердің биомедициналық зерттеулер мен коммерцияландыруды жеделдетуге; кластерлерде озық жабдықтар мен қуаттарды шоғырландырып, оларға ұжымдық қолжетімділік беру арқылы ҒЗТКЖ әлеуетін кеңейтуге; кластер қатысушыларының бірлескен ҒЗТКЖ жобаларына инвестицияларды ұлғайтуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Алайда мұндай оң нәтижелерге қол жеткізу үшін кластердің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін, оның қатысушыларының тиімді өзара іс-қимылына жағдай жасау қажет. Кластерлердің табыстылығына әсер ететін негізгі факторлардың бірі — қатысушы ұйымдардағы сауатты кадрлық менеджмент, яғни форсайт-менеджмент.

Форсайт — елеулі даму кезеңіндегі практика мен теория саласы; соңғы онжылдықтарда ол әдістердің, үдерістер мен мақсаттардың аралас жиынтығына айналды. Форсайт әдістері көбіне перспективалы технологияларды талдау немесе стратегиялық барлау әдістері деп аталады. Форсайттың бір анықтамасы — ғылымда, технологияларда, бизнесте және қоғамда ұзақ мерзімді дамудың ортақ пайымын қалыптастыруға, сондай-ақ тиісті стратегиялар, шешімдер мен іс-қимылдар арқылы мүдделі тараптарды қалаулы даму мақсаттары төңірегінде біріктіруге ықпал ететін жүйелі, болашаққа бағдарланған, талдамалық және интерактивті үдеріс [2].

Бүгінде кәсіпорындар форсайт әдістерін негізінен стратегиялық шешімдер қабылдауды жалпы қолдау үшін пайдаланады. Форсайт кәсіпорындардың ұзақ мерзімді жоспарлауын жетілдіруге, күрделі жағдайлар

туралы ерте ескертуге (проблемаларды басқару), оқыту мен инновация үдерістерін жақсартуға және стратегиялық ортадағы өзгерістерге ден қою қабілетін арттыруға да қолданылады [3].

Осыған байланысты медициналық-фармацевтикалық кластер ұйымдарындағы менеджментке форсайт әдісін қолдану ерекше өзекті. Фармацевтикалық кластерлер шеңберінде фармацевтика персоналының форсайт-менеджментін зерттеу қажеттілігі әртүрлі кәсіпорындарды тиімді интеграциялау үшін жаңа тәсілдің керектігімен негізделеді. Ол үшін фармацевтика персоналын басқару жүйесін теориялық және әдіснамалық тәсілдер негізінде қайта қарау қажет. Осылайша, фармациядағы форсайт-менеджментті жетілдіру қолданыстағы кадрлық жұмыс жүйесіне сүйенеді және ерекше маңызды әрі уақтылы болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: медициналық-фармацевтикалық кластерлерді дамыту шеңберінде форсайт-менеджментті жетілдірудің теориялық және әдіснамалық тәсілдерін әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Әдеби шолу негізінде медициналық-фармацевтикалық кластерлердің құрылу тарихы мен ұйымдастырылуын зерделеу;
2. Медициналық-фармацевтикалық кластерлерді дамыту шеңберінде форсайт-менеджментті диагностикалаудың әдіснамалық тәсілін әзірлеу;
3. Медициналық-фармацевтикалық кластер персоналының тиімді қызметіне жаңа тәсіл әзірлеу;
4. Медициналық-фармацевтикалық кластердің тиімділігін бағалаудың әдіснамалық тәсілін әзірлеу;
5. Ұйымдық құрылымын, критерийлерін, құрамын және элементтерінің функцияларын қамтитын медициналық-фармацевтикалық кластердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету моделін әзірлеу;

Зерттеу объектісі: құрылымдық трансформациялар жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық жүйе ретіндегі Қазақстан Республикасының фармацевтика секторы.

Зерттеу әдістері: Жұмыста бірін-бірі толықтыратын әдістер кешені қолданылды: жүйелік және салыстырмалы талдау, білім беру бағдарламаларының контент-талдауы, әлеуметтік сауалнама, салалық және статистикалық деректерді зерттеу, сипаттамалық және көпөлшемді статистика әдістері (Пирсонның χ^2 критерийі, Крамердің V коэффициенті, Парето талдауы, барлаушы факторлық талдау, бинарлық логистикалық регрессия), сондай-ақ форсайт-менеджмент құралдары.

Зерттеу пәні: Кадрлық әлеуетті пайдалану тиімділігін арттыруға және медициналық-фармацевтикалық кластердің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдық-басқарушылық қатынастар, әдіснамалық тәсілдер және форсайт-менеджментті енгізу құралдары.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Алғаш рет Қазақстан Республикасының фармацевтика саласының кадрлық әлеуетін дамытуға арналған, мамандардың кәсіби құзыреттерінің нақты және талап етілетін деңгейлері арасындағы анықталған алшақтықты

жоюға бағытталған ғылыми-әдістемелік тәсіл ұсынылды. Осы тәсіл шеңберінде «Фармацевтикалық қызмет» кәсіптік стандартының жобасына енгізілген «Фармацевт-менеджер» кәсіп карточкасы әзірленді, сондай-ақ оны фармацевтикалық кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламаларын жаңарту кезінде қолдану жөніндегі ұсыныстар негізделді.

2. Алғаш рет кластер тиімділігінің интегралдық индексін (Cluster Efficiency Index — CEI) есептеудің математикалық моделі әзірленді. Бұл модель кластер қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нысаналы және нақты мәндері арасындағы нормаланған алшақтықтарды (gapj) сандық тұрғыдан бағалауға, ауытқулардың сыни аймақтарын анықтауға және басқару стратегияларын уақтылы түзетуге мүмкіндік береді.

3. Алғаш рет кадрлық әлеуеттің басым рөліне негізделген және ағымдағы жағдайды диагностикалауды, сценарийлік болжауды, озыңқы басқару тетіктерін және секторараралық өзара іс-қимылды стратегиялық шешімдерді қалыптастыру мен іске асырудың бірыңғай жүйесіне біріктіретін медициналық-фармацевтикалық кластердің тұрақты дамуының интеграцияланған форсайт-моделі әзірленді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

1. Қазақстан Республикасының фармацевтика саласындағы форсайт-менеджментті диагностикалаудың теориялық-әдіснамалық тәсілдерін қалыптастыру.

2. Қазақстан Республикасының фармацевтика саласының қазіргі және перспективалық кадрлық әрі нарықтық қажеттіліктеріне сәйкес фармацевтикалық кадрларды даярлауды жетілдіруді ғылыми негіздеу.

3. «Фармацевтикалық қызмет» кәсіптік стандарты шеңберінде «Фармацевт-менеджер» кәсіп карточкасын әзірлеу және оны кәсіптік біліктілік жүйесінде әрі фармацевтикалық кадрларды даярлауда пайдалану бағыттарын айқындау.

4. Медициналық-фармацевтикалық кластердің бейімделгіштігін және жаһандық сын-қатерлерге дайындығын қамтамасыз ететін тұрақты дамудың интеграцияланған форсайт-моделін құру.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы:

Ұсынылған әдістер медициналық-фармацевтикалық кластер қатысушыларына кадрларға деген қажеттілікті анықтауға, кадр құрамын оқыту жоспарларын әзірлеуге, бірлескен жобалар бойынша жұмысты үйлестіруге және ынтымақтастық тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді.

«Фармацевт-менеджер» кәсіптік карточкасын өзектендіру бойынша ұсыныстар мен «Фармация менеджменті» курсының бағдарламасы фармацевтика мамандарының кәсіби даярлығы мен қосымша білім беру жүйесін жетілдіруге арналған. CEI әдістемесі жеткілікті бастапқы деректер болған жағдайда кластер қызметін бағалаудың қосымша талдамалық құралы ретінде қолданылуы мүмкін.

Әдістемелік ұсынымдар мен жол картасы ұйымдардың басқару тәжірибесіне кадрлық форсайтты дәйекті түрде енгізуге негіз қалайды. Зерттеудің жекелеген нәтижелері «“QazIndustry” Қазақстандық индустрия

және экспорт орталығы» АҚ және «Ecopharm» фармацевтикалық компаниясының қызметіне енгізілді, бұл енгізу актілерімен расталады.

Сонымен қатар диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен негізгі қағидалары «Фармация» білім беру бағдарламасының элективті пәндерін әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар

Зерттеу нәтижелері бойынша 12 жұмыс жарияланды, оның ішінде:

Scopus және Web of Science дерекқорларына кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала (Q2 және Q3);

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 2 мақала;

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында 7 тезис пен мақала (Қазақстан, Ресей, Өзбекстан);

1 әдістемелік басылым. Зерттеу нәтижелерін енгізу бойынша 2 акт және Қазақстан Республикасының авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы 2 куәлік алынды (№ 55943, № 77723).

Қорытынды

Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасының медициналық-фармацевтикалық кластерінің тұрақты дамуына бағытталған форсайт-менеджменттің теориялық-әдіснамалық тәсілдері мен практикалық құралдарын әзірлеуге байланысты ғылыми-қолданбалы міндет шешілді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қойылған міндеттерге сәйкес келетін мынадай негізгі қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік береді:

1. АҚШ, Ұлыбритания, Австралия және Үндістанның халықаралық тәжірибесін талдау негізінде жаһандық макроэкономикалық тұрақсыздық жағдайында классикалық «үштік спираль» тұжырымдамасы фармацевтика саласының ерекшелігіне толық сәйкес келмейтіні анықталды. Төртінші жүйе түзуші элемент ретінде клиникалық база мен қоғамды, соның ішінде пациенттерді қамтитын «инновациялардың төрттік спиралі» моделіне көшудің мақсатқа сәйкестігі негізделді. Олардың қатысуы инновациялық дәрілік препараттарды әзірлеу және олардың тиімділігін бағалау үшін қажетті нақты клиникалық тәжірибе деректерін (Real-World Data, RWD) алуды қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасы фармацевтика нарығының қазіргі жағдайына кешенді диагностика жүргізілді. Нарықтың құндық және заттай динамикасының сәйкессіздігі, сондай-ақ отандық өнім үлестерінің айырмашылығы анықталды: 2025 жылдың қорытындысы бойынша олар құндық мәнде 14,9%-ды және заттай мәнде 32,3%-ды құрады. 405 маманның қатысуымен жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша негізгі кадрлық кедергілер, кәсіби және кәсібиден тыс (надпрофессионалдық) құзыреттерді дамыту қажеттіліктері, сондай-ақ кластер қатысушыларының үйлестіруін жетілдіру қажеттілігі анықталды. Нарықтық және кадрлық деректерді бірлесе қарастыру саланың келешек міндеттерін мамандарды даярлаумен

байланыстыратын форсайт-менеджментті жетілдіру бағыттарын негіздеуге мүмкіндік берді.

3. Фармацевтика саласының кадрлық әлеуетін дамытудың жаңа тәсілі әзірленді. Анықталған құзыреттілік алшақтықты жою үшін «Фармацевт-менеджер» кәсіптік карточкасы өзектендіріліп, оны кәсіби біліктіліктер жүйесінде және фармацевтикалық кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламаларында қолдану бойынша ұсыныстар қалыптастырылды (Жұмыс тобы РЖЖБҰӘБ-нің ОӘБ мәжілісінде 17.02.2023 ж., №3 хаттамасымен бекітілген). «Жоғары дағдылар экожүйесін» қалыптастыру аясында көлемі 300 сағатты құрайтын мамандандырылған сертификаттау курсы әзірленді (РЖЖБҰӘБ-нің ОӘБ мәжілісінде «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша 13.06.2024 ж., №8 хаттамасымен мақұлданған).

4. Медициналық-фармацевтикалық кластердің тиімділігін интегралдық бағалау әдіснамасы әзірленді. Интеграциялық процестердің сапасын сандық бағалау үшін бес блокқа біріктірілген көрсеткіштер жүйесі ұсынылды: инновациялар, өндіріс, кооперация, кадрлық әлеует және экономика. Көрсеткіштердің нысаналы және нақты мәндері арасындағы нормаланған алшақтықтарды (gap_j) анықтауға және соның негізінде басқарушылық стратегияларды уақтылы түзетуге мүмкіндік беретін кластер тиімділігінің интегралдық индексін (Cluster Efficiency Index, CEI) есептеудің математикалық моделі жасалды.

5. Қатысушылардың келешектегі басымдықтарын келісудің ұйымдастырушылық, кадрлық және ақпараттық-талдамалық құралдарын біріктіретін медициналық-фармацевтикалық кластердің форсайт-менеджментінің интеграцияланған моделі әзірленді. 2030 жылға дейінгі дамудың инерциялық, базалық және нысаналы сценарийлері қалыптастырылды. Кері болжау әдісімен 2025 жылғы отандық өнімнің 14,9% құндық үлесінен 2029 жылғы 50% нысаналы деңгейіне көшу аталған үлестің орташа жылдық салыстырмалы өсімін шамамен 35,3% деңгейінде талап ететіні анықталды. Бұл есептеу модельді енгізудің сандық нәтижесін емес, нысаналы көрсеткішке қол жеткізу үшін қажетті қарқынды көрсетеді. Оны іс жүзінде жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық-әдістемелік дайындықты, кадрлық тетіктер мен ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді дамытуды көздейтін 2026–2030 жылдарға арналған кезең-кезеңімен іске асырылатын жол картасы ұсынылды.